

**Дипломатиялық қызмет қызметкеріне немесе жұмыскеріне немесе оның отбасы мүшелеріне шет елде болу уақытында өздерінің қызметтік міндеттерін не соларға байланысты қызметті атқару кезінде келтірілген залалды өтеудің ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1056 қаулысы

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңы 25-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Дипломатиялық қызмет қызметкеріне немесе жұмыскеріне немесе оның отбасы мүшелеріне шет елде болу уақытында өздерінің қызметтік міндеттерін не соларға байланысты қызметті атқару кезінде келтірілген залалды өтеудің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 5

қ а з а н д а ғ ы

N

1 0 5 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Дипломатиялық қызмет қызметкеріне немесе жұмыскеріне немесе оның отбасы мүшелеріне шет елде болу уақытында өздерінің қызметтік міндеттерін не соларға байланысты қызметті атқару кезінде келтірілген залалды өтеудің ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже дипломатиялық қызмет қызметкеріне немесе жұмыскеріне немесе оның отбасы мүшелеріне шет елде болу уақытында өздерінің қызметтік міндеттерін немесе соларға байланысты қызметті атқару кезінде келтірілген залалды өтеудің шарттарын анықтайды және тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережедегі залал деп қарулы немесе азаматтық қақтығыстардың, террорлық актілердің, төтенше жағдайлардың, үшінші бір адамдардың заңға қарсы әрекеттері нәтижесінде дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің немесе оның отбасы мүшелерінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян (бұдан әрі - дененің зақымдануы) ұғынылады.

3. Залал Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте жыл сайын көзделетін резервінің қаражаты есебінен өтеледі.

## **2. Залалды өтеу туралы істі қарау тәртібі**

4. Осы Ережеге сәйкес өтелуге тиіс залал келтірілген жағдайда, дипломатиялық қызмет қызметкері немесе жұмыскері Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министріне (бұдан әрі - Министр) келтірілген залалды өтеу туралы жазбаша өтініш береді.

5. Залалды өтеу туралы өтініш осы Ереженің 3-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес беріледі.

Залалды өтеу туралы өтініш осы Ереженің 3-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген кезде ол өтініш берушіге қаралмай қайтарылады.

6. Дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің залалды өтеу туралы жеке өзінің өтінішпен шығу мүмкіндігі болмаған жағдайда, Министрге оның отбасының кәмелетке толған мүшесі жүгінеді.

7. Өтініштің негізінде Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен залалды өтеуге қаражат бөлуді көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді.

8. Залалды өтеу "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.

## **3. Залалды өтеу туралы өтінішке қойылатын талаптар**

9. Өтініште өміріне және денсаулығына зиян келтірілген орны, уақыты, себебі және басқа да жағдайлары, келген мемлекеттің болған оқиға туралы хабар берілген органдарының атауы және заңды мекен-жайы немесе осы оқиға туралы хабар берілмегендігінің себептері көрсетіледі.

10. Өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгендігі туралы өтінішке: өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгенін анықтайтын құжаттар (медициналық анықтамалар, өзге де растайтын құжаттар);

дипломатиялық қызмет қызметкерінің немесе жұмыскерінің немесе оның отбасы мүшесінің өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген орны, уақыты, себебі және басқа да жағдайлары туралы акті немесе өзге де құжат.

## **4. Қорытынды ережелер**

11. Дипломатиялық қызмет қызметкері немесе жұмыскері немесе оның отбасы мүшесі қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, ол сот тәртібімен оған шағымдануға құқылы.